

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді: > (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) жұмыстарын сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден < ҚҚС сомасын қоспағанда > _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін жұмысты орындау туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2) Жұмыстар - Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген, құрылыспен байланысты заттық мәні бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмысқа жататын басқа да іс-әрекеттер.

1.4. Жұмыстар мына мекенжай бойынша орындалады

- Алматы қаласы, «3-Көктем» ш/а, 21-үй, «Солтүстік» блогы (бұдан әрі - Объект).

1.5. Жұмыстар құны және қосымша ақпарат Шартқа 1-Қосымшада көрсетілген.

1.6. Жеткізуші Жұмыстарды 011/2011 «Лифтілердің қауіпсіздігі» (бұдан әрі - КО ТР) КО

Техникалық регламентімен көзделген нормалар мен ережелерге, Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларына (бұдан әрі - ЖКМПӨҚҚҚ) және Лифт шаруашылығын пайдалану және қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, өз материалдарымен жабдығын пайдалана отырып, өз күшімен және өз қаражатына, Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттарға сәйкес Лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар және мүмкіндіктері шектеулі жандарға арналған көтергіштер, Жеткізу, монтаждау және пайдалану Қағидаларына, ҚР СТ 3305-2018 (бұдан әрі- ҚР СТ РК 3305-2018) сәйкес орындалады.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы> кіреді. Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқада төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығыстары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші мынадай тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жұмысты тиісінше орындау фактісі бойынша бекітілген тәртіпте ресімделген қос Тарап қол қойған орындалған Жұмыс актісі, (бұдан әрі - Акті) негізінде және есеп айырысуына сәйкес (Шартқа 1-қосымша) Жеткізушіден төлемге электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде тоқсан сайын жүргізеді.

Тиісті түрде ресімделмеген электронды шот-фактураларды, төлемге шотты және бұдан бұрын анықталған кемшіліктерді және дәлсіздікті жоя отырып, Актілерді берген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Тапсырыс беруші оларға ақы төлеместен кері қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактураларды, төлемге шотты және Актілерді берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқы жоқ.

Шарттың Жалпы сомасы Қағидаларда көзделген жағдайларда ғана ұлғаюы жағына өзгеруі мүмкін.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан

Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 10 (он) күнтізбел күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушінің орындаған Жұмыстарды < Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы > негізінде қабылдауға;

2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;

3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;

4) Жеткізуші қызметкерлерін Объект бойынша рұқсат ету ішкінысандық режимі бойынша нұсқаулықтан өткізуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде, кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімі ішінде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмыстарды қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және Актілерге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген қадамда Шартта қарастырылған жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

-

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушінің қарауына Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Акті негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақаулар анықтаған жағдайда, ал кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың қолданыс мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге

тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Шарт күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, қызметкерлер тізімін және рұқсат ету құжаттарын (лифт шаруашылығын пайдалану және қызмет көрсету Қағидасының 4.3., 4.10.-тармақтарына сәйкес) өндірістік қауіпсіздігі саласында жұмыстарды жүргізуге құқығын беретін аттестат беруге;

11) Жұмыстарды орындаған кезде КО ТР, ЖКМПӨҚҚҚ талаптарын, ҚР СТ 3305-2018, өндірістік қауіпсіздік салаларда Қазақстан Республикасында қолданыста бар нормативтік техникалық құжаттарды басшылыққа ала отыруға;

12) Кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тараптар Актіге қол қою күнінен бастап 24 (жиырма төрт) айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;

13) Шарт күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын іс-әрекет түріне рұқсат құжаттарын беруге (егер іс-әрекет міндетті рұқсат етуді немесе уәкілетті органымен келісілуді талап ететін болса);

14) Тапсырыс беруші Объектіде бекітілген рұқсатнамалық және ішкінысандық режимдер талаптарын сақтауға;

15) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер себебінен Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (үшінші тұлғалардың талаптары және/немесе сындары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз қаражаты есебінен шешуге;

16) кіру рұқсатын қамтамасыз ету және кіруді ресімдеу мақсатымен қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс ішінде Тапсырыс берушіге қызметкерлердің жеке деректерін бере отырып олардың тізімін беруге;

17) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына байланысты, оның ішінде ақаулы жою бойынша шығыстарды өздігінен көтеруге;

18) әрқашан Жұмыстарды аяқтағаннан кейін қажеттілік болған жағдайда, Жұмыстарды орындау жерді тазалауға;

19) Covid-19 байланысты қауіпсіздікті сақтау бойынша уәкілетті өкілетті талаптарын сақтауға, оның ішінде өз қызметкерлерін жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;

20) Тапсырыс берушімен дизайн мен қолданылатын материалдарды келісіп алуға;

21) Жұмысты орындау кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормалары мен қағидалары талаптарына жауап беретін құрал-жабдықтар мен материалдарды пайдалануға, Шарт бойынша Жұмысты орындау кезінде қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге Жұмыстың жалпы көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

- 3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.
- 4) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді Тапсырыс берушінің алдына ала жазбаша келісімімен тартуға құқылы.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

- 4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Шарт күшіне енген күннен бастап 50 (елу) күнтізбелік күн болады
- 4.2. Жұмыстар Жеткізушімен келесі мекенжайы бойынша орындалады: Алматы қ., «3- Көктем» ш/а, 21-үй, «Орталық» блогы
- 4.3. Жеткізуші Шартта көзделген Жұмысты орындағаннан кейін бұл туралы Тапсырыс берушінің жазбаша хабарландырады және қол қоюға Актіні жібереді.
- 4.4. Тапсырыс берушіде Жеткізушімен орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.
- 4.5. Тапсырыс берушінің орындалған Жұмыстар бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, орындалған Жұмыстарды қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден хабарлама алған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілген ақауларды (кемшіліктер, ескертулер, шала істелгендер, сәйкессіздіктер) жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

5. КЕПІЛДІКТЕР

- 5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.
- 5.2. *Орындалған Жұмыстардан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы оларды анықтаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.*
- 5.3. *Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап 24 (жысырма төрт) ай құрайды.*
- 5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда -кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының (Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1%, Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;

2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда -ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын өсімпұлды;

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартқан жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 20 % (жиырма пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 20 % (жиырма пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең келетін Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлеген сомасын қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізушінің Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсыну фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1 % (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпарат ұсынады.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), соның ішінде кепілдік мерзімі ішінде төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнді құрайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт бір жақты тәртіпте

бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.11. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне нақты орындалған және қабылданған Жұмыс үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

6.12. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізушінің Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсыну фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпарат ұсынады.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті

уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3 Тапсырыс беруші мына жағдайларда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы:

- 1) Тапсырыс берушінің Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте

Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кезкелген сатыда бір жақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электронық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<тапсырыс берушінің толық атауы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >
<Тапсырыс беруші нің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ < қол қоюшының аты-жөні >
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал зақунок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее(-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

< (В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование: > (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок работ <наименование работ> (далее - Работы) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), < без учета суммы НДС >.

